

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 3 маусым N 510. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.05.14. N 574 қаулысымен. ~P990574

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің сырттан қарыз алу

жөніндегі комитетінің құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі N 1111 P971111_

қаулысының

күші жойылған деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 32, 294-құжат).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 3 маусымдағы
N 510 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті туралы

ЕРЕЖЕ
МИССИЯСЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік емес заемдарды тартуға қатысу, жүзеге асыру және пайдалану процестерін басқару.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) құқықтық негіздерін, қызмет принциптері, міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді.

2. Комитет Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар Қазақстан Республикасының дамуына ресми көмек аясында мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік басқаруды және реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

3. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік және құқықтық актілерді, халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комитетті ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігін ұстауға көзделген республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитеттің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және бланкілері болады.

II. БАСЫМДЫҚТАРЫ

7. Комитет өз қызметінде мынадай басымдықты:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік емес сыртқы заемдарды ұтымды тартуды және пайдалануды қамтамасыз етуді басшылыққа алады.

III. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

8. Комитеттің негізгі міндеттері:

мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдарды, мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу;

мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік емес сыртқы заемдарды мақсатты пайдалануды бақылау және мониторинг болып табылады.

IV. ФУНКЦИЯЛАРЫ

9. Комитет қойылған міндеттерді іске асыру үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

мемлекеттік сыртқы заемдарды және оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің қоса қаржыландыруының көлемдерін айқындау бөлігінде Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетінің жобасын дайындауға қатысады;

мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдардың және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың есебінен жүзеге асыруға жоспарланған жобаларды дайындауды ұйымдастырады және оған қатысады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту, беру шарты және мерзімі жөніндегі келіссөздерді жүргізуді ұйымдастырады және оған қатысады;

нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, әдістемелік көмек көрсетеді, ұйымдардың Халықаралық қаржылық экономикалық ұйымдардың және донорлық агенттіктердің ережелері мен рәсімдерін сақтауға бақылау жасауды жүзеге асырады;

мемлекеттік сыртқы заемдардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды ұйымдастырады;

қол қою үшін мемлекеттік сыртқы заемдар туралы келісімдердің жобасын әзірлейді;

мемлекеттік сыртқы заемдар туралы келісімдерді бекітуге қажетті құжаттарды әзірлейді;

мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік комитеттердің

және өзге де ұйымдардың қатысуымен мемлекеттік сыртқы заемдар туралы келісімдерді жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінің жобасын дайындайды;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бюджет департаментімен бірлесіп несиелік шарттардың, мемлекеттік сыртқы заемшылардың қаражаттарын және түпкі заемшылармен және екінші деңгейдегі қазақстандық банктермен (бұдан әрі - екінші деңгейдегі банктер) бірге мемлекеттік бюджетке Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса қаржыландыру үлесін қайтару туралы ішкі келісімдердің жобаларын дайындайды;

мемлекеттік емес сыртқы заемдарға мемлекет кепілдігін беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобасын дайындайды;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдардың және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың қаражаттарынан қаржыландырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алу жөнінде тендерлер (конкурстар) өткізуге қатысады;

сыртқы заем қаражаттарын есепке алуды жүзеге асырады, өзінің құзыреті шегінде оларды пайдалану процесін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер, жергілік атқару органдары, мемлекеттік кәсіпорындар мен басқа да заңды тұлғалар үшін міндетті мемлекеттік сыртқы заемдарды тарту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және басқа да шешімдерді әзірлеуге қатысады;

мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражатынан қаржыландыру жоспарланған сыртқы заем жобаларының қаржылық ережелеріне сәйкес тексеруді жүзеге асырады;

заңды тұлғалармен - сыртқы қарыздарды алушылармен бірлесе отырып, мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаттарын алатын өтінімдерге қол қояды;

конкурстық негізде іріктеуді ұйымдастырады және мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдарға және мемлекеттік емес сыртқы заемдарға қызмет көрсетуге Ұлттық Банктің келісімі бойынша екінші деңгейдегі қазақстандық банктерге уәкілеттік береді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдардың және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың шарттары және беру мерзімі, игеруі жөнінде халықаралық деңгейде келіссөздер жүргізеді;

қолданылып жүрген заңдардың қолдану тәжірибесіне талдау жасауды және мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдар мен мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту және пайдалану саласындағы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

V. ҚҰҚЫҚТАРЫ

10. Комитетке өзіне жүктелген функцияларды орындауы үшін:
халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардың және донор-елдердің өкілдерімен техникалық келіссөздерге, өзара түсіністік хаттамасына, меморандумдарға қол қою;

мемлекеттік сыртқы заемдардың қаржылары есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында және олар бойынша келісімдердің шарттарына сәйкес екінші деңгейдегі банктерде және шетелдік қаржылық институттарында белгіленген тәртіппен арнайы шоттар ашу;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет департаментімен бірлесіп екінші деңгейдегі банктермен мемлекеттік емес сыртқы заемдарға мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ету жөнінде агенттік келісімдер жасасу;

Комитет тендер өткізудің белгіленген ережесі (рәсімі) бұзылған жағдайда, тендерлік комиссияның шешімін жою жөнінде шаралар қолдануға құқылы;

донорлардың жасасқан келісім-шарт ережелерін (рәсімдерін) бұзғандығы және мемлекеттік сыртқы заемдардың қаражаттарын мақсатқа сай пайдаланылмағаны анықталған жағдайда, мемлекеттік сыртқы заемдар бойынша пайдаланушыларға төлем жасауды жүзеге асыруды тоқтата тұру;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік сыртқы заемдарды және мемлекеттік емес сыртқы заемдарды тарту саласындағы республика мүдделерін халықаралық деңгейде білдіру;

жобаларды жүзеге асыруға қатысатын министрліктерден, ведомстволардан, мемкомитеттерден және басқа ұйымдардан мемлекеттік сыртқы заемдарды игеру жөніндегі есептерді сұрау және алу;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан

Республикасы Үкіметінің шешімдерінің орындалуына бақылау және тексеруді жүзеге асыру құқығы беріледі.

VI. МІНДЕТТЕРІ

11. Комитет өз қызметінде мынадай міндеттерді орындайды:
мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды орындау үшін сыртқы заемдарды тартуды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдардың және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың қаражаттарын

ұтымды және мақсатты пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды іске асырады.

VII. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

12. Комитет өз қызметін жүзеге асыруы кезінде:
мемлекеттік кепілдіктегі мемлекеттік сыртқы заемдар мен
мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану туралы ақпараттық
дұрыстығы үшін;

сыртқы қарыз алу саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының,
Халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардың және донорлық
агенттіктердің ережелері мен рәсімдердің сақталуы үшін заңдарда белгіленген
жауапкершілікте болады.

VIII. КОМИТЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

13. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша
Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен
босататын Төраға басқарады. Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан
Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен
босататын Комитет төрағасының орынбасары болады.

14. Комитет төрағасы Комитет жұмысын ұйымдастырады және басшылық
етуді жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттерді орындауға және
оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауап береді.

Комитет төрағасы осы мақсатта:

өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері
басшыларының міндеттерін және жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен лауазымдар
номенклатурасына сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және
қызметтен босатады, сондай-ақ оларға тәртіптік жазалар қолданады;

өз өкілеттілігі шегінде Комитетті қолданылып жүген заңдарға

сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіреді;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық
ұйымдарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүдделерін білдіреді,
сондай-ақ өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер жөнінде

шешімдер қабылдайды.

Комитет төрағасының шешімі бұйрықтар нысанында ресімделеді.

15. Комитетті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1198 жылғы 3 маусымдағы
N 510 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан
қарыз алу жөніндегі комитетінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Жобаларды дайындау басқармасы
Жобаларды іске асыру басқармасы
Қаржылық қызмет көрсету басқармасы